Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМА

Астана қ. *2026 жылғы 25 қараша*
Форматы: онлайн

Төрағалық еткен: А. Болатжан – Қоғамдық кеңес төрағасы

Қатысқандар: *(тізім бойынша)*

ҚК мүшелерінің жалпы саны: 23
Қатысқаны: 19
Қатыспағаны: 4

Күн тәртібі

1. «Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» мәселе бойынша «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ШЖҚ РМК бас директорының орынбасары Дусалиев Жасқайрат Қанатқалиұлының ақпаратын тыңдау;

2. Мәселені талқылау.

«Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ШЖҚ РМК-ны қайта ұйымдастыру туралы»

«Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ШЖҚ РМК бас директорының орынбасары Жасқайрат Қанатқалиұлы Дусалиевтің ақпараты тыңдалды.

Талқылау барысында Қоғамдық кеңес мүшелері қаралып отырған жобаның мәні бойынша сұрақтар қойды, олардың біршама бөлігіне баяндамашы тарапынан толыққанды жауаптар берілмеді. Баяндамашының дайындығының жеткіліксіздігі, сондай-ақ ұсынылған материалдардың толық еместігі атап өтілді.

РМК-ны акционерлік қоғамға қайта құру мәселесі бойынша дауыс беру өткізілді:

«Қолдағандар» — 10;

«Қарсы болғандар» — 8;

«Қалыс қалғандар» — 1.

Талқылау қорытындысы бойынша ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды үйлестіру департаментіне ҚР ЖИЦДМ «Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ШЖҚ РМК-мен бірлесіп:

1.1. **2026 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімде** Қоғамдық кеңеске келесі **тізбеге** сәйкес қайта ұйымдастыру мәселесі бойынша қосымша мәліметтер мен материалдарды ұсыну ұсынылсын:

Қайта ұйымдастырудың мақсаттары мен қажеттілігінің негіздемесі, күтілетін нәтижелер және АҚ-ға қайта құрудың артықшылықтары, соның ішінде келесі деректерді ұсыну:

1. Функцияларын, өкілеттіктері мен қызмет түрлерін қоса алғанда, кәсіпорынның қайта ұйымдастыруға дейінгі және кейінгі (РМК–АҚ) қызметінің салыстырмалы кестесі.

2. Кірістері, шығыстары, қаржыландыру көздері және АҚ-ның 3 жылға арналған болжамды қаржылық көрсеткіштері көрсетілген қайта ұйымдастырудың қаржылық-экономикалық негіздемесі.

3. Нысаналы тапсырыс берушілерді көрсете отырып, мемлекеттік және коммерциялық қызметтердің аражігін ажырататын АҚ-ның жоспарланатын қызметтері мен қызмет бағыттарының тізбесі.

4. Директорлар кеңесінің болжамды саны мен құрамын, тәуелсіз директорлар санын және атқарушы органды қоса алғанда, корпоративтік басқару туралы ақпарат.

5. Құрылатын АҚ-ға берілетін мүлік, активтер мен міндеттемелер туралы ақпарат.

6. Құрылатын АҚ Жарғысының жобасын ұсыну.

7. Қайта ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну.

8. Қолданыстағы меншік нысаны компания қызметінде нені шектейді?

9. Болашақ АҚ арнайы құқық субъектілерінің тізіліміне ене ме? Егер енсе, БҚДА-ға (АЗРК) келісуге қандай қызмет түрлері енгізіледі?

10. Квазимемлекеттік сектор нарығында eGov операторы «ҰАТ» АҚ жұмыс істеп тұр және функциялардың қайталануы орын алуы мүмкін. Жаңа АҚ-ның өкілеттіктерін кеңейту бюджеттік тапсырыстар үшін бәсекелестікке және жеке қазақстандық IT-компанияларды ығыстыруға әкелуі ықтимал. Екі АҚ арасындағы және

АҚ мен IT-компаниялар арасындағы өзара қарым-қатынастар қалай реттелетін болады?

11. Орталық мемлекеттік органдардың IT-бюджеттері мен цифрлық архитектурасын келісетін архитектуралық-үйлестіру орталығы мәртебесіне ие. АҚ нысанына көшу коммерцияландыруды және қызметтер нарығына шығуды ынталандырады, бұл өз әзірлемелерінің пайдасына бөгде IT-жобаларға сараптама жүргізу кезінде біржақтылық тәуекелін тудырады. Мүдделер қақтығысы қалай шешілетін болады?

12. Қайта ұйымдастыру кезінде штат кестесіне аудит жүргізіледі, жаңа құрылымды қалыптастыру барысында қайталанатын функциялар көбінесе қысқартылады немесе біріктіріледі.

Сонымен қатар, мемлекеттік кәсіпорындардың тарифтік сеткасы бойынша кепілдендірілген жалақылардың орнына АҚ-да цифрлық трансформация жобалары бойынша KPI орындалуына қатаң байланыстырылған ауыспалы бөлігінің (бонустардың) үлесі жоғары корпоративтік грейдтік жүйе енгізіледі. Әкімшілік-басқару персоналын оңтайландыру қалай жүргізіледі?

1.2. Бұрын айтылған ескертулер мен сұрақтарды ескере отырып, Қоғамдық кеңестің келесі отырысында бас директор А. Оспанованың баяндамасын тыңдауды қамтамасыз етсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы **А. Болатжан**

Қоғамдық кеңес отырысына
қатысушылардың тізімі

№	Т.А.Ә.	Лауазымы
Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі		
1	Сеитов Азамат Қайратұлы	Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаменті директорының орынбасары
2	Дусалиев Жасқайрат Қанатқалиұлы	«Цифрлық үкіметті қолдау орталығы» ШЖҚ РМК бас директорының орынбасары
Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес		
1.	Болатжан А.	Қоғамдық кеңес төрағасы
2.	Емельянов О.Р.	Қоғамдық кеңес мүшесі
3.	Сарыбаев Ғ.Т.	Қоғамдық кеңес мүшесі
4.	Коктышев П.В.	Қоғамдық кеңес мүшесі
5.	Құрманғалиева Б.Қ.	Қоғамдық кеңес мүшесі
6.	Керейбаев Д.Ж.	Қоғамдық кеңес мүшесі
7.	Цеховой А.Ф.	Қоғамдық кеңес мүшесі
8.	Якупбаев Р.Қ.	Қоғамдық кеңес мүшесі
9.	Жүрсінов Р.М.	Қоғамдық кеңес мүшесі
10.	Марат Асқар	Қоғамдық кеңес мүшесі
11.	Тұрғылдинов Р.А.	Қоғамдық кеңес мүшесі
12.	Ешмұхамбетов Б.Н.	Қоғамдық кеңес мүшесі
13.	Бондаренко А.С.	Қоғамдық кеңес мүшесі
14.	Тұшмаева А.У.	Қоғамдық кеңес мүшесі
15.	Ысқақов А.Е.	Қоғамдық кеңес мүшесі
16.	Жолдыхан С.	Қоғамдық кеңес мүшесі
17.	Жиенбеков Д.А.	Қоғамдық кеңес мүшесі
18.	Мейрамбаев Е.С.	Қоғамдық кеңес мүшесі
19.	Юлдашева И.А.	Қоғамдық кеңес мүшесі